

Қазақстан Республикасының 1970 жылғы Халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Европа Келісіміне қатысуы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 12 мамырдағы N 22

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_2-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы 1970 жылғы 1 шілдедегі Халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Европа Келісіміне қосылсын.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті